

МЕДИА ҚҰҚЫҒЫ БОЙЫНША ЖУРНАЛИСТИКА ФАКУЛЬТЕТТЕРІНІҢ ОҚЫТУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН МОДУЛЬ

МЕДИА ҚҰҚЫҒЫ БОЙЫНША ЖУРНАЛИСТИКА ФАКУЛЬТЕТТЕРІНІҢ ОҚЫТУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН МОДУЛЬ

1. КУРС СИПАТТАМАСЫ

Ұсынылып отырған пән «журналистика» мамандығы бойынша білім алатын университет студенттеріне журналистің құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін айқындайтын Қазақстан Республикасының қолданыстағы БАҚ туралы заңнамасы туралы жүйелі білім беруге арналған.

Оқытылатын пән ҚР «БАҚ туралы» Заңына, БАҚ-тың қоғам алдындағы жауапкершілігі туралы, бұқаралық ақпарат бостандығын асыра пайдалануға жол бермеу туралы және бұқаралық ақпарат бостандығына қол сұғушылық үшін жауапкершілік туралы басқа да заңдар мен нормативтік құқықтық актілерге негізделеді. Бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы құқықтық қатынастар жөніндегі білім бұқаралық коммуникацияға қатысты қоғаммен байланыс, медиаменеджмент, цифрлық сауаттылық, тағы басқа мамандықтар бойынша білім алатын студенттерге қажет.

2. ПӘННІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Курстың мақсаты - студенттерге ҚР-да журналистика және бұқаралық коммуникацияның басқа салаларында кәсіби міндеттерін орындау үшін қажетті кәсіби білім, құзыреттер мен дағдыларды алу. Оқытылатын пән цифрландыру және еліміздегі қазіргі қоғамдық-саяси реформалар контекстіндегі өзгерістерді ескере отырып, ҚР бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы құқықтық қатынастар туралы пәндік түсінік береді.

Курстың міндеттері:

- ҚР «БАҚ туралы» Заңының негізгі нормаларын, сондай-ақ журналистердің кәсіби қызметін реттейтін басқа да заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерді және сөз бостандығының халықаралық стандарттарын жан-жақты терең зерттеуді ұйымдастыру;
- Еліміздегі технологиялық революция мен қоғамдық-саяси реформалар нәтижесінде ҚР медиа заңнамасының өзгеруіне тәуелсіз баға беру үшін студенттердің аналитикалық дағдылары мен сыни ойлауын дамытуға ықпал ету;
- Бұқаралық коммуникация саласындағы құқықтық сауаттылық деңгейін одан әрі дамыту перспективаларын түсінуде студенттердің шығармашылық әлеуетін арттыру.

3. ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Курс оқығаннан кейін студент:

- Бұқаралық коммуникация саласын, атап айтқанда, зерттеу және сот журналистикасын, қылмыс туралы жариялауды, медиа саласындағы заңды негізделген шешімдерді сақтайтын заңнама нормаларын саналы түрде орындауы керек.
- Сөз бостандығы мен құқықтық реттеудің халықаралық стандарттары контекстінде қазақстандық медиада туындайтын құқықтық проблемаларды анықтай алады.
- Әлеуметтік желілерді дамытуға және цифрландыруға байланысты бұқаралық коммуникация саласын реттейтін заңдарға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды бағалайды.
- Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін реттейтін құқықтық нормаларды кәсіби қызметте басшылыққа ала біледі.
- Шешімдерді қазақстандық заңнаманың және халықаралық құқықтың нақты

нормаларына сілтеме жасай отырып негіздей алады.

4. ОҚЫТУ ФОРМАТТАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

- лекция тыңдау, бейнефильмдер көру;
- семинарлардағы пікірталастарға қатысу;
- теориялық және эмпирикалық мәтіндерді оқу;
- практикалық ойындар;
- семинарларда баяндамалар, презентациялар және тезистер;
- шағын топтарда жұмыс істеу;
- эссе және аналитикалық мәтін түріндегі үй тапсырмасы.

5. КУРС БАҒДАРЛАМАСЫ

Апта	Дәріс\тәжірибелік сабақ\семинар тақырыбы	Сағат саны	Студенттің өз бетімен оқытушының жетекшілігімен жұмыс істеуі (СРСП)	Сағат саны	Студенттің өз жұмыс істеуі (СРС)	Сағат саны
1	<p>1-МОДУЛЬ</p> <p>Курстың пәні, құрылымы және міндеттері.</p> <p>Қазақстанның медиа заңнамасы.</p> <p>Пікір білдіру бостандығы адамның негізгі құқығы ретінде.</p> <p>Пікір білдіру бостандығы саласындағы халықаралық стандарттар.</p> <p>Этикалық кодекстерден айырмашылығы.</p>	3	<p>Бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңнаманың көздері:</p> <p>Конституция, заңдар, Президент жарлықтары және үкіметтің нормативтік құқықтық актілері.</p> <p>Халықаралық шарттар. БҰҰ мен Еуропа Кеңесінің құжаттары: Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт, Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау жөніндегі Еуропалық конвенция.</p> <p>Қазақстандық құқық пен халықаралық құқық нормаларының</p>	1	<p>БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі комитетінің (АСҚПК 19-бабы) және Адам құқықтары жөніндегі АҚЕС-ның (Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық конвенцияның 10-бабы) шешімін табыңыз.</p> <p>Оқуға арналған әдебиет: Величенко С.Н., Журналистиканың құқықтық негіздері.</p>	6

			сәйкестігі Адам құқықтары жөніндегі АҚЕС және БҰҰ Комитетінің тәжірибесі.			
2	Журналистің құқықтары мен міндеттері. «Журналист», «редактор», «бұқаралық ақпарат құралы», «желілік басылым», «аккредитация», «цензура», «уәкілетті орган» ұғымдары.	3	Журналист мәртебесі. Аккредиттеу институты. Журналистердің заңды қызметіне кедергі жасау.	1	2-тақырып бойынша тест сұрақтарын дайындаңыз (кем дегенде 20 тест сұрағы)	8
3	БАҚ құру құқығы. Редакция қызметін ұйымдастыру.	3	Қазақстандағы БАҚ түрлері. БАҚ-ты есепке қою, БАҚ-ты қайта есепке қою. Теле немесе радио арнаны тіркеу.	1	«БАҚ тіркеу» тақырыбы бойынша оқу Презентацияға дайындық/ «Біздің БАҚ» топтық жобасының тақырыбы. БАҚ редакциясы ережесін/жарғысын әзірлеу.	12
4	2-МОДУЛЬ Ақпарат тарату бостандығы. Ақпаратқа қол жеткізу. Ақпаратты алу алгоритмі. ҚР БАҚ туралы Заңы, Ақпаратқа қол жеткізу туралы Заңы, Мемлекеттік құпиялар туралы заңы. Ақпарат түрлері, рәсімдері, ұсыну мерзімдері.	3	Сұрау салу үлгілері. Шектеуге жатпайтын ақпарат. Мемлекеттік құпиялар. «Қызметтік пайдалану үшін» белгісі бар қызметтік ақпарат	2	Ақпарат алуға сұраныс жасау. Ақпаратқа қол жеткізу үшін өзіңіздің алгоритміңізді жасаңыз.	12
5	Құпиялар мен сыр. Жеке басқа қол сұғылмаушылық. Дербес мәліметтер	3	Жеке және отбасы құқықтары. Бала асырап алу құқығы (ҚР Неке		Заң актілері нормаларымен құпиялар анықтамасын әзірлеу.	

			<p>және отбасы кодексі)</p> <p>Коммерциялық (кәсіпкерлік) құпия</p> <p>(ҚР Кәсіпкерлік кодексі)</p> <p>Дауыс беру құқығы («ҚР-дағы сайлау туралы» Заңы ҚР Конституциялық заңы)</p> <p>Дәрігерлік құпия</p> <p>Салық құпиясы</p> <p>Тергеу құпиясы (ҚР ҚПК)</p> <p>Журналистік құпия (авторлық және ақпарат көзі құпиясы)</p> <p>Қазақстан заңнамасындағы өзге де құпиялар.</p> <p>Дербес мәліметтер.</p>		
6	Видео және фото түсірілім Фото және видео түсіру ережелері бойынша тест.	3	<p>Өз бейнесіне құқық.</p> <p>Келісім үлгісі.</p> <p>Түсіру ережелері.</p> <p>«Жасырын камерамен» түсіру</p>	«Фото және видео түсіру ережелері» нұсқаулығын әзірлеу	12
7	<p>БАҚЫЛАУ ТАПСЫРМАСЫ 1</p> <p>Үй жұмысы, 20%</p> <p>1. Қазақстанның медиа заңнамасы: тенденциялар мен перспективалар.</p> <p>2. Интернет, жаңа медиа және олардың құқықтық реттелуі.</p> <p>3. Журналистерді аккредиттеу институты. Халықаралық тәжірибе.</p> <p>4. Журналистің ерекше мәртебесі.</p> <p>900-1200 сөз</p> <p>Критерийлер:</p> <p>1. Плагиатқа тексеру.</p> <p>2. Теориялық материалды білу және түсіну (20%)</p> <p>- қарастырылатын ұғымдар нақты және толық анықталған, сәйкес мысалдар келтірілген (5%)</p>				2

	<ul style="list-style-type: none"> - қолданылған ұғымдар тақырыпқа қатаң сәйкес келеді (5%) - жұмысты орындаудағы дербестік (10%) <p>3. Ақпаратты талдау және бағалау (40%)</p> <ul style="list-style-type: none"> - талдау категориясы дұрыс қолданылған; салыстыру және жалпылау әдістері ұғымдар мен құбылыстар арасындағы байланысты талдау үшін шебер қолданылады (10%) - қарастырылып отырған мәселе бойынша балама көзқарастар түсіндіріледі (10%) - мәтіндік ақпарат негізді түсіндіріледі (10%) - мәселеге жеке баға беріледі (10%) <p>4. Материал желісін құру (40%)</p> <ul style="list-style-type: none"> - жеткізілуі анық және қысқа (10%) - ұсынылған дәлелдер логикаға сай (10%) - алға қойылған тезистер сауатты дәлелдермен (10%) қоса беріледі - әр түрлі көзқарастар және олардың жеке бағасы беріледі (10%) <p>Сілтемелер міндетті түрде парақ беттері бойынша, кем дегенде 10 түрлі дереккөзден болуы керек.</p>					
<p>1 және 2 модульдер бойынша құзыреттер:</p> <p>Білу: Медиа заңнама негіздерін, медиа қызметін реттейтін құқықтық нормаларды, оның ішінде журналистің құқықтары мен міндеттерін білу.</p> <p>Істей білу: нақты медиа коммуникациялық жүйесінің жұмыс істеу тетіктерін ескере отырып, кәсіби журналистік қызметіңізді жүзеге асыру. Халықаралық заңнаманы ескеру.</p> <p>Игеру: кәсіптік қызметті реттейтін құқықтық нормаларды сақтау дағдыларын.</p>						
8-9	<p>3-МОДУЛЬ</p> <p>Диффамация</p> <p>Ар-намыс пен қадір-қасиетті қорғау туралы талаптар.</p> <p>Қорлау,</p> <p>Жала жабу.</p> <p>Шындыққа сәйкес келмейтін ақпаратты таратқаны үшін жауапкершіліктен босату жағдайлары</p>	6	<p>Азаматтық-құқықтық жауапкершілік.</p> <p>Сотқа дейінгі реттеу процедурасы: жауап беру және жоққа шығару құқығы.</p> <p>Талап қою мерзімі.</p> <p>Қылмыстық жауапкершілік.</p> <p>Қорлау.</p> <p>Әкімшілік жауапкершілік.</p> <p>Жала жабу.</p>	1	9	<p>БАҚ-қа шағымды сотқа дейін талдау</p> <p>Материал дйындау кезінде құқықтық қауіпсіздік алгоритмін құру</p>

10	Сот процесін жариялау. ҚР сот жүйесі	3	Азаматтық процесті жариялау Әкімшілік процесс Қылмыстық процесс Сот тергеуі ашықтығын шектеу Жарияланымды талдау	1	9 тақырып «Сот талқылауын жариялау» тақырыбы бойынша глоссарий (заң терминдері) әзірлеу.	12
11	Зерттеу жүргізу барысындағы құқықтық қауіпсіздік.	3	Журналист-зерттеуші жұмысын құқықтық реттеу. Ақпарат көздері.	1	Зерттеу жүргізгенде жеке қауіпсіздік жоспарын құру	
12	<p>БАҚЫЛАУ ТАПСЫРМАСЫ 2 Аудиторияда жұмыс 40% 2-модуль бойынша жазбаша бақылау тапсырмасы, қазақстандық сот кейстері. Жазбаша жұмыстарды бағалау критерийлері: - құқықтық мәселені дұрыс анықтау және осы құқықтық мәселеге қатысты құқықтық ұстанымды қалыптастыру (20%) - қолданылатын құқықты, оның ішінде құқықтық актілердің дереккөздерін, халықаралық құқықты және қазіргі сот және квазисот тәжірибесін дұрыс анықтай білу қабілеті (20%) - сот тәжірибесі: істің/тапсырманың нақты мән-жайларына сәйкес құқық нормаларын дұрыс қолдана білу қабілеті (10%), (20%) - дәлелді шешім: жүргізілген талдау негізінде қорытынды жасай білу (10%), туындаған құқықтық мәселелер бойынша логикалық қорытынды жасау (10%) және оның даудың мәніне әсері (10%).</p>					3
	<p>2-модуль бойынша құзыреттер: Білу: БАҚ қызметінің құқықтық нормаларын білу. Істей алу: Қолданыстағы құқықтық нормалар мен қолда бар ресурстар мен шектеулерді ескере отырып, қойылған мақсаттар аясында міндеттер шеңберін анықтау және оларды шешудің оңтайлы жолдарын таңдау; кәсіби қызметте аймақ, ел және әлемдегі медиакоммуникациялық жүйелердің даму тенденцияларын, олардың саяси және экономикалық қызмет етуін, реттеудің құқықтық және этикалық нормаларын ескеру.</p>					
13	4-МОДУЛЬ Интернет және құқықтық реттеу. Медиадағы өшпенділік тілі. Шақыртылған сарапшымен пікірталас.	3	ҚР-дағы интернет-ресурстардың жай-күйі: Бұғаттау түрлері. Бұғаттау себептері. Тыйым салынған ақпарат тізімі.	1	«Балаларды медиадағы зиянды ақпараттан қорғау» тақырыбына эссе дайындаңыз.	10

			<p>Көрінеу жалған ақпаратты таратқаны үшін жауапкершілік.</p> <p>Инфлюенсер (блогер) түсінігі. Балаларды медиада көрсетудің құқықтық аспектілері.</p> <p>Кибербуллинг.</p> <p>Жек көрушілікті қоздыру. Экстремизм мәселелерін жариялау. Өшпенділік тілі тақырыбы бойынша студенттер жинаған кейстерді талқылау.</p>		<p>«Өшпенділік тілі» тақырыбы бойынша студенттердің презентациясы. Презентация қорытындысы бойынша талқылау. Практикалық сабақ.</p>	
14	<p>Интеллектуалды меншік.</p> <p>БАҚ-тағы жарнаманы құқықтық реттеу.</p>	3	<p>«Автор», «авторлық құқық объектілері», «авторлық презумпция» ұғымы, авторлық құқық объектілерін автордың келісімінсіз пайдалану шарттары.</p> <p>БАҚ-тағы жарнамаға қойылатын талаптар. «Жарнама туралы» Заңда балалардың мүдделерін қорғау.</p>	1	<p>Ақпараттық ресурс үшін материалдарды пайдалануды шектеу бойынша саясатты әзірлеу</p>	12
15	<p>БАҚЫЛАУ ШАРАСЫ 3 Аудиториядағы жұмыс, 40% 2-модуль бойынша жазбаша бақылау тапсырма, халықаралық кейс. Жазбаша жұмысты бағалау критерийлері: - құқықтық мәселе: құқықтық мәселені дұрыс анықтау және құқықтық ұстанымды қалыптастыру қабілеті (20%) - қолданылатын құқық: құқықтық-нормативтік актілердің дерек көздерін, халықаралық құқықты және қазіргі сот және квазисот тәжірибесін қоса алғанда, қолданыстағы құқықты дұрыс анықтау қабілеті (20%)</p>					2

	Медиа құқық бойынша онлайн-курс өту: https://courses.lmc.kz/courses/media-law-online-course/ . Сертификат алу үшін міндетті шарт болып саналады.				
	Барлығы	45		10	95

6. ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

1. Маматова Я. (2018), Зерттеу журналистикасы: жаһандық және ұлттық тәжірибе. Кейстер кітабы: электронды ресурс Ташкент: Extremum press
2. Андрей Калих, Анастасия Кириленко, Гарри Гуммель (2018), Трансшекаралық сыбайлас жемқорлық кезіндегі журналистік зерттеулер: электронды ресурс: әдістері мен мысалдары.
3. Золотухин А.А. (2016), Зерттеу журналистикасы: электронды ресурс.
4. Велитченко С.Н. (2015), Журналистканың құқықтық негіздері: электронды ресурс: оқу құралы / Әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті. - Алматы: Қазақ университеті.
5. Лазутина Г.В.(2022), Журналистің кәсіби этикасы: электронды ресурс: оқулық. (3-ші басылым).,өзделген және толықтырылған - Мәскеу.
6. Мақалалар жинағы (2020), Журналистік зерттеулер MediaNet халықаралық журналистика орталығы. - Алматы.
7. Журналистің құқықтық анықтамалығы, (2022), Құқықтық медиа орталығы, Астана
8. Журналистік зерттеу жөніндегі оқулық, (2022) Құқықтық медиа орталығы. Астана
9. Ақпаратқа қол жеткізу, (2022), Құқықтық медиа орталығы. Астана
10. Сот шағымдары мен өзге де құқықтық тәуекелдерден қалай құтылу керек: Журналистерге арналған нұсқаулық Media Defence (2023).

7. Қосымша (бағалау критерийлері)

Кейске жалпы ұсыныс

1. Кейс/мәселені шешу және жауапты қалыптастыру кезінде кейс/мәселе бойынша тапсырманы қатаң сақтау керек және тапсырмада көрсетілген бағалау критерийлерін ескеру қажет.
2. Егер тапсырмада бірнеше сұрақ болса және әрбір қойылған сұраққа жауап күтілсе, студент ұсынылған сұрақтардың әрқайсысына өз жауабын тұжырымдау керек. Жауапты қалыптастыру кезінде құрастырушы анықтаған сұрақтардың реті мен нөмірленуін сақтау ұсынылады.
3. Жауапты қалыптастыру кезінде құқық саласында жалпыға бірдей қабылданбаған немесе инспекторды жаңылыстыруы мүмкін қысқартулардан аулақ болу керек.
4. Жауапты қалыптастыру кезінде студент баяндаудың құқықтық стилін және құқықтық терминологияны қолдануы керек.
5. Құқықтық актілерге және сот шешімдеріне сілтеме жасағанда дұрыс атауларды және қажет болған жағдайда деректемелерді (нөмір, жарияланған/қабылданған күні, кім шығарған/қабылдаған) пайдалану қажет.